



**«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
МӘРТӨК АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ»**

«САРЫЖАР ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КММ

Сарыжар ауылы

01.09.2023ж

Бұйрық №123

«2023-2024 оқу жылының басталуы туралы»

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Т.Қ.Дүйсенованың 2022 жылғы 25 тамызы Білім саласы қызметкерлерінің республикалық тамыз кеңесінің бірыңғай пленарлық сессиясының ашылуында 2023-2024 оқу жылының ұзақтығы 34 апта және аяқталуы 25 мамыр болуы туралы тапсырмасына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 29 тамыздағы 01-2-15/5174-И хаты негізінде және Ақтөбе облыстық білім басқармасының 01.09.2023 жылғы №363 бұйрығы негізінде Мәртөк ауданының орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау, барлық қажетті шаралар қабылдау мақсатында және Ақтөбе облысының білім басқармасы ММ «Мәртөк ауданының білім бөлімінің 2023 жылы 01 қыркүйек күнгі №654 бұйрығын негізге ала отырып

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2023-2024 оқу жылында оқу-процесінің ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынсын.
2. 2023-2024 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау үшін барлық жағдай жасау қамтамыз етілсін.
3. Оқушылар мен педагогтердің өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары бақылауға алынсын.
4. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша шаралар қабылдансын.
5. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толтыру, үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу ұйымдастырылсын.

6. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігімен айқындалған оқу мерзімдері туралы ата-аналар назарына жеткізілсін.
- 1) Меншік нысана және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуы 2022 жылғы 1 жылғы қыркүйек, аяқталуы 25 мамыр болып белгіленді;
- 2) Оқу жылының ұзақтығы 1 – сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2- 11 (12)- сыныптарда – 34 оқу аптасы;
- 3) оқу жылы ішіндегі тоқсандар аралығындағы оқушылардың каникулдары кезеңдері: күзгі каникул – 7 күн (2023 жылғы 30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда), қысқы каникул – 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі каникул - 11 күн (2024 жылғы 21 наурыздан бастап 31 наурызды қоса алғанда) мереке күніне сәйкес келген сабақтар келесі күнге тақырыптары кіріктірілсін.
- 1- сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2024 жылғы 5 ақпаннан бастап 11 ақпанды қоса алғанда)
7. ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың , бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.
8. Оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасында бастауыш негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы » Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізге алынсын.
9. Оқу процесін ұйымдастыруда «2023 – 2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы » әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынсын.
10. Осы бұйрықтың орындалуын мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары А.О.Ержанова, Ж.Қ.Жанаева, Ж.Б.Аблашимоваға жүктелсін.

Мектеп директоры:



Н.Д.Муханов